«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

**ХАТТАМА № 2**

2022 жылғы 27 қазан Жаңаөзен ауылы

**Директор жанындағы кеңес отырысы**

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі, мектеп психологы, сынып жектекшілер

**Күн тәртібі**

1. Бірінші тоқсан бойынша «Күнделік.kz электронды журналының» жұмысы туралы (Д.Унуспаева–директордың оқу ісі жөніндегі орындасары).
2. Ұлттық білім беру деректер қоры (Ашимханов Қ.Т.–директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары).
3. 11 – сыныптардың қорытынды аттестаттауға дайындық жұмысын ұйымдастыру, консультациялардың кестесін жасау, таңдау пәндерін анықтау (Ашимханова К.Т директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары)
4. 1-11 сыныптарда оқытылатын пәндердің өткізілу деңгейін бақылау.
5. Оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарының жоспарына сәйкес үйірмелер, секциялармен қамту туралы ( Тагаева Г.Ж - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. Унуспаева Д.Б – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

«Күнделік.kz» электронды журнал мектепте жүргізіледі және уақытында толтырылады. Педагогтердің жүйеде нормативтік талаптарға сай жұмыс істегенімен, кейбір пән мұғалімдері кемшіліктерге орын береді. Атап айтсақ Бакыт Гулжан, Есмурат Гулсинай, Бейсенбин Б. Г, Балтабаев Д.К журналды үнемі 100 % толтыру көрсеткішін бермейді.
(КТЖ, журналды жүргізу, үй тапсырмасын беру). Түсіндіру жұмыстары жүргізілді, кемшіліктер, олқылықтар жөнделді.

10-шы 14-ші қазан күндері журналды тексеру барысында төмендегі ұстаздарда журналды уақытында толтыру көрсеткіші 100 % төмен болды. Атап айтсақ Аманжолова А.Т, Жакупбекова Э.М, Барлыханова А.Б. Мұны мынадай көрсеткіштерден аңғаруға болады, олар сабақ басталмастан бұрын толтыра бастады, әлде өткен күндегі сабақ үшін келесі күні толтырды. I тоқсан қорытындысы бойынша ББСТ орындалуын тексеру барысында төмендегі ұстаздарда ескертулер болды: Мухатова Д.Д, Мұратова Н.С, Нурбаева Д.Б. Канашева А.М. Жіберілген кемшіліктерді жою үшін уақыт беріліп, барлық ескертулер жөнделді. «Күнделік. kz» электронды журналдың жұмыстары үнемі қатаң бақылауда.

2. К.Т.Ашимханов – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

-ҰБДҚ әрдайым қатаң бақылауда. Кез келген ұйым қажет ақпаратты сол жерден алады. Бүгінгі күнде ҰБДҚ толтыруда бізде ешқандай қиындықтар жоқ. Жауапты мамандар уақытылы жұмыс жүргізіп бақылауда ұстап отыр.

3. К.Т Ашимханов – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

11 сынып оқушыларының қорытынды аттестациясына дайындығы туралы. 11-сынып оқушылары базалық пәндер бойынша кеңес алды: математика, қазақ тілі, орыс тілі, Қазақстан тарихы. Оқушылар сонымен қатар келесі пәндер бойынша консультацияларға қатысады: физика, география, биология, химия, ағылшын тілі, дүние жүзі тарихы. Консультациялар жасалған және бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. Күрделі тақырыптарды қайталауға және бекітуге көбірек уақыт қалдыру үшін оқушылар блоктармен оқытылады. Пән мұғалімдері оқушылардың дайындыққа қатысуын бақылауға тырысады және сынып жетекшісімен тығыз жұмыс жасайды.

4. К.Т Ашимханов - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

2022 – 2023 оқу жылының 1 тоқсанында өткен сабақтарды талдау.

1 тоқсанда 17 сабаққа қатыстым: химия, математика, дене шынықтыру, география, биология, ағылшын тілі, праймер, әліпби бойынша келесі мұғалімдерден – Доненбаева С.Б, Смагулова Г.Т, Есмурат Г, Әшімханова С.А, Нысанғалиев М.Т, Барлыханова А.Б, Бейсенбина А.С. Негізінен барлық сабақтар жоспар бойынша өтеді, мұғалімдер сабақ мақсатына жету үшін жұмыс істейді. Төменгі сыныптарда түрлі-түсті көрнекіліктер мен ойын сәттері пайдаланылады. Орта және жоғары деңгейлерде өз бетінше жұмыс істеуге, талдауға, салыстыруға, қорытынды жасауға дағдыланады. Бірақ, әрине, кемшіліктер де бар. Мұғалімдер оқу процесіне барлық оқушыларды қатыстыруға, тапсырмаларды орындау уақытын белгілеуге, накты нұсқаулар беруге, сараланған тәсілді жүзеге асыруға, сабақты қорытындылауға, сабаққа қатысты ойларға түсініктеме беруге тырысуы керек.

5. Т.Г Тагаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Мектеп бойынша үйірмелер мен клубтар, спорттық секциялармен қамтылған оқушылардың саны төмендегідей:

| № | Секция атауы | Жетекшісі | Қатысатын оқушы саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Баскетбол / қыздар/ | Нысангалиев А.А | 12 |
| 2 | Баскетбол / ұлдар / | Нысангалиев А.А | 14 |
| 3 | Валейбол /ұлдар/ | Нысангалиев М.Т | 24 |
| 4 | Валейбол /кыздар/ | Нысангалиев А.А | 13 |
| 5 | Стол теннисі | Калиев К | 10 |
| 6 | Тоғызқұмалақ | Мукаштаев Н | 10 |
| 7 | Футбол | Мукаштаев Н.Н | 24 |
| 8 | Еркін күрес | Ашиманов М.Қ | 28 |

| № | Үйірме, клуб атауы | Жетекшісі | Қатысатын оқушы саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Дебат клубы | Муратова Н | 12 |
| 2 | Қолөнер | Бақыт Г | 10 |
| 3 | Шахмат | Нурмухаметова С | 10 |
| 4 | Тоғызқұмалақ | Кумарова М | 10 |

Қаралған сұрақтар бойынша қабылданған қаулы:

1. «Күнделік. kz» электронды журналды жүргізуді қатаң бақылауда ұстау.
2. Ұлттық білім беру деректер қоры үнемі бақылауда болып жұмыс жүйелі түрде жүргізілсін.
3. 11 –сыныптардың қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары ары қарай қарқынды жүргізілсін.
4. Оқу ісінің меңгерушілеріне:
- 1-11 сыныптардың сабақтарына қатысуды, бақылауды жалғастыру.
- Атталған кемшіліктердін жоюлуын қадағалау.
5. Мектеп бойынша оқушылардың үйірмелер мен клубтар, спорттық секцияларға қатысуы қатаң бақылауға алыңсын.
6. Осы қаулының орындалуы директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына, пән мұғалімдеріне жүктелсін.

Төрағасы: Байгалиев К.С.

Хатшы Мадыбаева А